

«Сазген» бөбекжай-балабақшасы»ЖШС

Педагогикалық кеңес хаттамасы

2021-2022 оку жылы

«Сазген»бөбекжай-балабақшасы»ЖШС

ХАТТАМА

31.08.2021ж

Ш.Ділдәбеков а\о бірлік е\м

Педагогикалық кеңес №01

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылына жаңа қадаммен!»

Мақсаты: 2021-2022 оқу жылына топтардың, педагогтардың дайындығы, биылғы жылғы алға қойған мақсат, міндеттерді айқындау. жылдық жұмыс жоспарын талдау, бекіту. Шығармашылық жоба тақырыптарын бекіту.

Күн тәртібінде

- 1.(Тақырыптың бақылау) Топтардың жаңа оқу жылына дайындығын бақылау
2. 2021-2022 жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен және мақсат – міндеттерімен таныстыру. Жаңа оқу жылының күн тәртібімен таныстыру.
3. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтау.
4. Шығармашылық жоба тақырыбы бекітілсін.
- 5.№ 1 педагогикалық кеңес шешімі

Тындалды:

1. Ересек «Ақ көгершін» ересек тобында, ортаңғы «Балапан»тобында, кіші «Құлыншақ»тобында барлық жағдай жасалған. Балаларға керекті құрал саймандар мен көрнекілік құралдарымен жабдықталған. Сондай-ақ қол жуғыштар, ішкі дәретханалар бар. Балалар жыл бойы білім алу үшін балабақшамыз жан жақты ыңғайластырылған. Топта ата-аналар бұрышы, табигат бұрышы да бар.
- 2.Балабақша менгерушісі: Э.Раймкулова №1 педагогикалық кеңесті « жаңа оқу жылына –жаңа қадаммен» атты тақырыппен бастадық.Менгеруші кеңесте қызметкерлермен салемдесип жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырды. Жылдық жоспарда түзілген барлық тапсырмалармен тәрбиешілер

және пән мұғалімдері танысып шықты. Жыл бойы өтетін ертеңгіліктермен басқада іс- шараларды өткізуге тәрбиешілер атсалысатынын айтты. Іс-шара тақырыптарымен танысты. менгеруші қызметкерлерді балабақшаның күн тәртібімен таныстырыды.

Балабақшаның медбикесі: А.Сагиндыкова сөз сөйлемді. Балабақшада балалардың тамақтануын қадағалап, ас мәзірін талапқа сай етіп түзетінін сонымен қатар балалардың жеке бас тазалығын қадағалап ата- анамен тығыз байланыста болатынын айттып өтті.

Жалпы бала өмірі мен денсаулығын нығайту заманға сай білім алу жолдары талқыланды.

Менгеруші: Э.Раймкулова сөйлемді. Біздің мақсатымыз болашағы жарқын өзін еркін ұстай алатын өз ойы мен пікіріне берік көзі ашық, дені сау үрпақ тәрбиелеу керектігін айттып қызметкерлерге жұмысына саттілік тілеп қорытындылады.

3. Тыңдалды: Балабақшамызда үш тәрбиеші, және орыс тілі пән мұғалімі бар. менгеруші 2022жылда аттестациядан өтетін қызметкерлерді анықтап, оларға өте байыптылықпен дайындалу қажет екендігін ескертті. Жаңадан кірген мамандарға лауазымдық міндетімен таныстырылып әр қайсысына өзіне тиесілі істер номенклатурасы берілді.

4. Сонымен қатар тәрбиешілердің жыл бойы айналысатын шығармашылық жоба тақырыптарыда анықталып бекітілді.

Педагогикалық кеңеске қатысқандар:

Менгерушісі: **Э.Раймкулова**

Тәрбиешілер: **Тәттібай А**

Ыдырыс А

Медбике: **А. Сагиндыкова**

Шешім:

1. Барлық қызметкерлер жылдық жоспарға сай жұмыс атқарсын.
2. Барлық топтардың кемшіліктері толтырылсын. Топта санитарлық талаптар сақталсын.
3. Барлық қызметкерлер аттестациядан өтуге дайындалып өз жұмыстарына жауапкершілік танытсын.

Кеңес төраиымы:

Хатшысы:



«Сазген» бөбекжай-балабақшасы»ЖШС

ХАТТАМА

04.10.2021ж

Ш.Ділдәбеков а\о Бірлік е\м

Педагогикалық кеңес №02

Тақырыбы: Қарапайым зерттеу әрекеті арқылы балалардың экологиялық
білімдерін жетілдіру.

Мақсаты: Қарапайым зерттеу әрекеті арқылы балалардың экологиялық
білімдерін жетілдіру, қоршаған ортаны қорғауға, аялауға тәрбиелеу

Күн тәртібінде

- 1.Отken пед кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Таза ауаның адам өміріне маңызын зерттей отырып,табиғат аясында дене шынықтыру
3. Балаларға зерттеу әрекеті арқылы экологиялық тәрбие берудің маңызы
4. Суды зерттеу арқылы экологиялық тәрбие беру. (Баяндама)
5. Бөлме гүлдерін зерттеу. (Баяндама)
- 6.Ашық оку қызметтерді талдау.

Тындалды:

- 1.Менгеруші: Э.Раймкулова сөз сөйледі. Отken педкеңестің шешімі бойынша барлық қызметкер жоспарға сай жұмыс жасап жатқандығын, ертеңгіліктермен ашық сабактар өткізілгені сонымен қатар ертенгілік өткізу барысында техника қауіпсіздігі сақталғандығын айттып өтті. Балалардың гигиеналық талаптарды сақтап жатқандығыды айттылды.

2. Тындалды: таза ауаның адам өміріне тигізер маңызы зор екенін бәрімізде білеміз. Сол сияқты балаларға да денінің саулығы үшін таза ауаның саулық үшін қаншалықты зор пайдалы екендігін зерттей келе табиғат аясына балаларды шығарып, жасына сай жаттығулар жасаттық. Жаттығуды топ тәрбиешілері, медбике және әдіскер бақлады.

3. Тындалды: әдіскер балаларға зерттеу арқылы балаларға экологиялық тәрбие берудің маңызын сөз етті. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруға ұсынылатын материалда балалардың жас ерекшеліктерін, психологиялық физиологиялық қабылдау мүмкіндіктерін ескеріп оны тәрбие процесінде тиімді пайдаланған дұрыс. Балалардың отбасында өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне деген қызығушылығы, оларды сырттай бақылауы, өсімдіктерді басып- жаншып сындырмау, өзен- көл суларын ластамау, қоршаған ортада тазалық сақтау сияқты адамға тән табиғат қорғау іс әрекетінің ата-аналардың ықпалымен жүргізілуі балалық шақтан дағдыға айналып, күнделікті өмірде орындауға тиіс міндеттерге айналуына мүмкіндік туғызатынын айтты.

4. Ересек «Ақ көгершін» тобы тәрбиешісі: Тәттібай А суды зерттеу арқылы балаларға экологиялық тәрбие берудің маңызы жайлы баяндама оқыды. Суға зерттеу жүргізе отырып балаларға су туралы мәлімет беретінін суға тәжрибе жасау арқылы судың қасиеттерімен танысатындығын табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыратынын айтып өтті. Суды зерттеу және түрлі мәлімет алудың нәтижесінде бала суды үнемдеп жұмсауға үйренетінін сонымен қатар су тіршіліктің көзі екендігін де айта кетті. Тәрбиеші: Тәттібай А балалармен суға су мен топрақты салыстыра отырып жасаған зерттеуінен аздаған мәлімет көрсетті. Зерттеу барысында балалар су туралы кең мәлімет алғаны және судың адам өміріне керек тіршілік көзі екенін түсінген.

5. Тындалды: Ортаңғы топ тәрбиешісі: Ыдырыс А бөлме гүлдерін зерттеу тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама жасаудағы мақсаты балаларға бөлме гүлдері туралы мәлімет беру және гүлдердің түрлерімен таныстыру болатын, бөлме гүлдерінің құрылышына түр түсіне және адамға берер пайдасын осы зерттеу арқылы жіті түсіндіріп өтті. Сайыста балалар бөлме гүлдері туралы толық мәліметпен танысып оларды күтіп, баптау керекетігін су құйып қарау керектігін түсінген.

6. Тындалды: тәрбиешілер жоспарға сәйкес ашық ұйымдастырылғын сабак өткізді. Ересек «Ақ көгершін» тобы тәрбиешісі: Тәттібай

«Қызықты математика» тақырыбында сабак өткізді. Сабак өткізудің мақсаты балаларға тұра және кері санауды үйрету және пішіндермен көлемдерді үйрету еді.

Ортаңғы «Балапан» тобы тәрбиешісі: Ыдырыс А «Ағаштың жапырақтары» тақырыбында сабак өткізді. Сабак барысында ағаштың суретін салдыра отырып балаларға пішіндер туралы қысқаша түсіндірді және түстерді ажратады. Ағаш және жапырақтарын сез ете отырып жыл мезгілдерін қамтыйды және ағаштың жапрақтың пайдасы туралы мәлімет берді.

Педагогикалық кенеске қатысқандар: 1.Менгеруші :Э.Раймкулова

2.Тәрбиешілер : Тәттібай

А ЪІдырыс А

3. Медбике: А.Сагиндыкова

4. оғт пән мұғалімі:Ходжанова С

Шешім:

1. Балаларға дene шынықтыру кезінде қauіпсіздік сақталсын.
 2. Балаларға көрсетілген тәжрибемен зерттеулерде балаға зиян келмеуі қадағалансын.
 3. Ашық сабактарда жіберілген кемшіліктер келесіле түзетілсін.

Кенес төраймы:

Хатшысы:



«Сазген » бөбекжай-балабақшасы»ЖШС

ХАТТАМА

06.12.2021ж

Ш.Ділдәбеков а\о Бірлік е\м

Педагогикалық кеңес №03

Тақырыбы: Балаларға экологиялық білім беруде дамытушы ойындарды қолдана отырып, креативті ойлауға жетелеу;

Мақсаты: Балаларға экологиялық білім беруде дамытушы ойындарды қолданудың тиімді жолдарын қарастыру. Ойын кезінде балаларды креативті ойлауға жетелеу.

Күн тәртібінде:

1. Отken пед кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру жұмысын үйымдастыру
3. «Восковович кілемі» ойынының жүргізу тәсілі арқылы әр түрлі бағытта ойын жүргізу.
4. Педагогикалық кеңес шешімі

Тындалды:

1. Менгеруші:Э.Раймкулова сөз сөйледі. Отken педкеңестің шешімі бойынша барлық қызметкер жоспарға сай жұмыс жасап жатқандығын, ертеңгіліктермен ашық сабактар өткізілгені сонымен қатар ертеңгілік өткізу барысында техника қауіпсіздігі сақталғандығын айттып өтті. Балалардың гигиеналық талаптарды сақтап жатқандығыды айттылды. Балалар түрлі зерттеулерге қатысып көріп көз жеткізу арқылы ой өрісін дамытты.
2. **Тындалды:** балабақша менгеруші:Э.Раймкулова сөз сөйледі. Бүгінгі танда бүкіл адамзаттың алдында тұрған өмірлік маңызы бар ауқымды

проблемалардың ішінде табиғатты қорғау мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Табиғатқа жана шыр болу адамзат қоғамына, оның келешегіне жана шырлық жасау болып табылады. Айнала бізді қоршаған табиғи ортаға қамқорлық жасау, оның бойындағы бар байлықты адам иғілігі үшін мейлінше ұтымды пайдалану, қорғау және көркейту мәселесін ойдағыдай шешу — бүгінде бүкіл дүние жүзі халықтарының алдында тұрған ортақ міндепт. Өйткені бүкіл Жер планетасы, айналадағы табиғи орта адамзат үшін ортақ. Бұл абырайлы міндепті бұлжытпай алға алып барушылар — еңбектің қадірін, еңбек өнімділігін арттырудың табиғат байлығының рөлін толығынан түсіне білетін жастар. Сондықтан халқымыздың, әсіресе жастардың экологияға деген көзқарасын өзгерту шешуші фактор болып табылады. Бұл орайда педагогикалық мәселелер алғы шептен орын алады, өйткені өсіп келе жатқан жас үрпақ отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, мектеп қабыргасында жүріп табиғат, оның адамзат үшін пайдасы туралы, айналадағы табиғи ортаны көздің қарашығында сақтау және онымен дұрыс қарым-қатынас жасау туралы мақсатты түрде ең алғаш рет ғылыми мағлұмат алады. Міне, сондықтан балабақшадан бастап балаларға экологиялық тәрбие беру өзекті мәселелердің бірі екендігін айтып өтті.

3.Тындалды: балабақша менгерушісі: Э.Раймкулова сөз сөйледі. Көзіргі заманғы білім беру құрылымында нешебір жаңа технологиялар өмірге келуде. Сол технологиялардың бірі – ойын технологиялары. Дидактикалық мақсаты: ой-өрісін, танымдық қызметін, нақтыланған іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру, қажетті тәжірибелік қызметін кеңейту;

Тәрбиелеуши мақсаты: дербестікке, жігерлілікке, ынтымақтастыққа, ұжымдыққа, коммуникативтікке тәрбиелеу;

Дамытушылық мақсаты: зейінін, есте сақтауын, сөйлеуін, ойлауын, салыстыру іскерлігін, үйлесімін тауып, салыстыруға, қиялдауын, фантазиялауын, шығармашылық қабілетін, оқу уәждемелік қызметін дамыту;

Әлеуметтендіруші: қоғам құндылықтарының ережелеріне тарту, қоршаған орта жағдайына бейімдеу, қарым-қатынасқа дағыландыру.

Шынайы анықтамасын берсек, ойын дегеніміз-баланы әдептілікке, сауаттылыққа, жан-жақтылыққа, баулитын құрал. Ойын дегеніміз ұшқын, сол ұшқыннан бала бойында білімге деген құштарлық пен құмарлық және еліктеу секілді маздап жанар от тұтанып, лаулайды. Ойындар түрлері өте көп: ойын - жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық ойындар, ұлттық ойындар...т.б ойындар. Ойын негізінде ойлай отырып, тапсырмаларды өзінше зерттеп, орындау, өзінше шешім жасау, өз ойындағысын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүние танымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы оянған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алатынын айтып өтті.

4.Тыңдалды: тәрбиешілер жоспарға сәйкес ашық үйымдастырылғын сабак өткізді. Ересек «Ақ көгершін» тобы тәрбиешісі: А.Тәттібай «Қызықты математика» тақырыбында сабак өткізді. Сабак өткізудің мақсаты балаларға тұра және кері санауды үйрету және пішіндермен көлемдерді үйрету еді.

Ортаңғы «Балапан» тобы тәрбиешісі: А.Ыдырыс «Ағаштың жапырақтары» тақырыбында сабак өткізді. Сабак барысында ағаштың суретін салдыра отырып балаларға пішіндер туралы қысқаша түсіндірді және түстерді ажыратада білуді үйретті. Ағаш және жапырақтарын сез ете отырып жыл мезгілдерін қамтыды және ағаш пен жапрақтың пайдасы туралы мәлімет берді.

Педагогикалық кеңеске қатысқандар: 1.Менгеруші: Э.Раймкулова

Тәрбиешілер: А.Тәттібай

Медбике: А.Сагиндыкова

О\т пән мұғалімі: Ходжанова

Шешім:

1. Балаларға дидактикалық ойындарды қолдана отырып экологиялық бағытта тәрбие жүзеге асырылсын. Ойын арқылы табиғатты, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиеленсін.
2. Балабақшада Васковичтің ойын технологиясын қолдану арқылы балалардың ойын дамыту және қоршаған ортаны қорғау, табиғатты аялау түсініктерін кеңейту көзделсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:

Т.Бекболатова

А.Ыдырыс



«Сазген » бөбекжай-балабақшасы»ЖШС

ХАТТАМА

01.03.2022ж

Ш.Ділдәбеков а\о Бірлік е\м

Педагогикалық кеңес№04

Тақырыбы: «Оку жылындағы балабақшаның қорытынды жұмысы»

Мақсаты: Мамандардың, тәрбиешілердің жыл бойына атқарған жұмыстарының есебін тындау, талдау. Тәрбие және оқыту жұмысының шешіміне баға беру, жетістіктер мен шешілмеген мәселелерді анықтау.

.Күн тәртібінде:

- 1.Өткен пед кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Педагогтардың жылдық жұмыс қортындысы.
3. II жарты жылдық бойынша мониторинг қорытындысы.
4. Тақырыптық бақылау қорытындысы: Серуен кезінде балалардың еңбек әрекетін бақылау қорытындысы. Мектепке баратын балалардың бағдарламаны игеру деңгейі

1. Менгеруші:Э.Раймкулова сөз сөйлемді. Өткен педкеңестің шешімі бойынша барлық қызыметкер жоспарға сай жұмыс жасап жатқандығын, ертеңгіліктермен ашық сабактар өткізілгені сонымен қатар ертеңгілік өткізу барысында техника қауіпсіздігі сақталғандығын айттып өтті. Балалардың гигиеналық талаптарды сақтап жатқандығыды айттылды. Балалар түрлі зерттеулерге қатысып көріп көз жеткізу арқылы ой өрісін дамытты.

2.Тындалды: мәселе бойынша балабақша әдіскері :Т.Бекболатова сөйлемді. Ол мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің негізгі тәсілдерімен таныстырып өтті.

Стандартқа, үлгілік оку жоспарларына, үлгілік оку бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген соң, мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарының мазмұнына өзгерістер енгізілді. Мониторинг жүргізукиші

тобынан басталады. Басқа топтар үшін Бастапқы бақылаудың индикаторлары алдыңғы жас топтарының күтілетін нәтижелері II жартыжылдық болып табылады. Педагог баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі бойынша диагностика нәтижелерін Бақылау парагына енгізеді.

3. Тындалды: мәселе бойынша балабақша әдіскері: Т.Бекболатова сөйлемді Араплық бақылау I жартыжылдық қорытындысы бойынша жүргізіледі, ол әр баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің динамикасын анықтайды. Қорытынды бақылау II жартыжылдық сонында өткізіледі, ол Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында анықталған балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейіне сәйкестілігін айқындауға мүмкіндік береді. Әдіскер бақылау парагын қалай толтырады, жиынтық есеп қалай жасалады және баланың жеке даму картасы қалай толтырылатыны жөнінде қосымшадағы көрсетілген ұлгілер бойынша үйретті. Даму деңгейлерін есептеу әдістемелігімен таныстыруды

4. Тындалды: балабақша меңгерушісі: Э.Раймкулова сез сөйлемді. Оку жылы басталғаннан бері карантиндік талаптарды сақтайды отыра ата-аналармен бірлескен жұмыстарымыз тек онлайн түрде өтуде. Қыркүйек айы басталғалы ата – анлардың барлығын жинамастан келісілген түрде екі ата-ананы шақырып күз мезгіліне байланысты көрме өткізілдік. көрмеде ата-аналармен балалардың бірлесе жасаған дүниелері көрсетілді.

Ал алдағы уақытта әлі де карантин талабын сақтай отырып ата-аналармен бірлескен іс шаралар өткізілетіндігін айттып өтті. Тәрбиешілер де бұл іс-шараға атсалысатынын айтты.

Педагогикалық кеңеске қатысқандар:

Менгеруші:

Э.Раймкулова

Тәрбиешілер:

Тәттібай А, Ідырыс А

Медбике:

Сагиндыкова А

Шешім:

- 1.** Ата-аналар мен бірлескен іс-шаралар тәрбиешілер тарапынан қадағалансын және бақылансын. Бірлескен іс-шаралар өз деңгейінде өткізілсін.
- 2.** Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктіктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейінің бастапқы бақылау қорытындысы нәтижесінде балалардың жеке даму картасында түзету шаралары жүргізілсін.
- 3.** Тәрбиешілер Ата- аналармен бірлесе отырып балаларға табиғатты ластамауды, қорғауды түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.

Кеңес төрайымы:

 **Т.Бекболатова**

Хатшысы:

 **А.Абыдырыс**



«Сазген» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС

ХАТТАМА

03.05.2022 ж

Ш.Ділдәбеков а\о Бірлік е\м

Педагогикалық кеңес №05

Тақырыбы: Балаларды ұлттық құндылыққа тәрбиелеуде балабақша мен отбасы арасындағы сабактастық

Мақсаты: : Балаларды ұлттық құндылыққа тәрбиелеуде балабақша мен отбасы арасындағы сабактастықты нығайта түсude салт-дәстүрлерді, ұлттық ойындарды, қазақ балалар фольклорын қолдану.

Күн тәртібінде:

1. Отken пед кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Балабақшада ата-аналармен жүргізіліп жатқан жұмыстың жалпы деңгейі
3. Отбасында баланы адамгершілікке, патриоттыққа тәрбиелеу. Баяндама
4. Жазғы сауықтыру, шынықтыру іс-шаралар жоспарын, күн тәртібін, жазғы оку, қызметі кестесін бекіту.
5. Тақырыптық бақылау қорытындысы: ата-аналармен жұмыс түрлері

1. Тындалды: Менгеруші: Э.Раймкуловасөз сөйлемді. Отken педкеңестің шешімі бойынша барлық қызметкер жоспарға сай жұмыс жасап жатқандығын, ертеңгіліктермен ашық сабактар өткізілгені сонымен қатар ертеңгілік өткізу барысында техника қауіпсіздігі сақталғандығын айттып өтті. Балалардың гигиеналық талаптарды сақтап жатқандығыды айттылды. Балалар түрлі зерттеулерге қатысып көріп көз жеткізу арқылы ой өрісін дамытты.

2. Тындалды: Балабақша менгерушісі: Э.Раймкулова сөз сөйлемді. Балабақшамызда ата –аналармен жүргізілетін жұмыстың деңгейі орташа екендігін айтты. Карантиндік жағдайларға байланысты ата-аналармен бірлесе жүргізетін көптеген іс шаралар әр топта шағын жағдайда өткізілуде. Эр топтың тәрбиешілері карантин талабын сақтап мақсатында ата-аналармен жиналыстарды, ертеңгіліктерді онлайн түрде өткізуде.

3.Тындалды: Ересек топ тәрбиешісі: А.Тәттібай баяндама оқыды. Баяндама Отбасында баланы патриоттық пен адамгершілікке тәрбиелеу тақырыбында оқылды. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айттыптаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сініріп, өз-өзіне сенімді тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарады. Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік – отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік – білім беру мекемесі. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие – адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады.

4.Тындалды: балабақша менгерушісі: Э.Раймкулова. Жазғы сауықтыру, шынықтыру іс-шаралар жоспарын, құн тәртібін, жазғы оқу қызметі кестесін таныстыруды. Жаз мезгілінде оқу қызметтер қысқартылып, баланың далада көбірек болатынын, сондықтан балалардың денсаулығы мен өмірін қатаң қорғау керектігін, кездойсоқ жағдайлардан сақ болу керектігін түсіндіріп өтті. Сонымен бірге ас мәзіріне, тағамдардың сапасына жауапкершілікпен қарауды ұсынды.

Балабақша әдіскері: Т.Бекболатова жаз мезгілінде оқу тәрбие жұмыстарын Педагог орталығы ұсынған Б.Ноғайбекованаң бағдарламасы бойынша жүргізуді ұсынды.

Қызметкерлер толық келісім берді.

5. Тындалды: балабақша менгерушісі: А.Тәттібай сөз сөйлемді. Оқу жылы басталғаннан бері карантиндік талаптарды сақтайды отыра ата-аналармен бірлескен жұмыстарымыз тек онлайн түрде өтуде. Қыркүйек айы басталғалы ата – анлардың барлығын жинамастан келісілген түрде екі ата-ананы шақырып күз мезгіліне байланысты көрме өткізілдік. көрмеде ата-аналармен балалардың бірлесе жасаған дүниелері көрсетілді. Ал алдағы уақытта әлі де карантин талабын сақтай отырып ата-аналармен бірлескен іс шаралар өткізілетіндігін айттып өтті. Тәрбиешілер де бұл іс-шараға атсалысатынын айтты.

Педагогикалық кеңеске қатысқандар: 1.Менгеруші: Э.Раймкулова

Тәрбиешілер: Үйдырыс А

Тәттібай А

Бекболатова Т

Медбике: Сагиндыкова А

О/т пән мұғ: Ходжанова С

Шешім:

- 1. Ата-аналар мен бірлескен іс-шаралар тәрбиешілер тарапынан қадағалансын және бақылансын. Бірлескен іс-шаралар өз деңгейінде еткізілсін.**
- 2. Балаларды патриоттыққа және адамгершілікке тәрбиелеу бір ғана адамның қолынан келмейді сондықтан ата-анамен байланысты нығайта отырып тәрбиешілер жұмыс жүргізсін.**
- 3. Тәрбиешілер Ата- аналармен бірлесе отырып балаларға табиғатты ластамауды, қорғауды түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.**

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:

